

**«Bloomzed.kz» электрондық ақша жүйесін қолдану туралы
Жария шарт (Оферта)**

Осы Шарт, жария оферта – Шартта көрсетілген әрекеттерді жасау арқылы «Bloomzed.kz» электрондық ақша жүйесін пайдалану туралы, толық әрекетке қабілетті (яғни, 18 жасқа толған) кез келген жеке тұлғаға жолданған, шарт жасасудың ресми ұсыныс болып табылады. Электрондық ақша жүйесін 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған тұлғалар Шартта көрсетілген тәртіп бойынша, заңды өкілдерінің келісімі арқылы пайдалануға болады.

1. Жалпы ережелер

1.1. «Bloomzed.kz» электрондық ақша жүйесінің Операторы – «Bloomzed.kz» ЖШС, Эмитенттің(-тердің) тапсырмасы бойынша әрекет ететін, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес электрондық ақшаны пайдаланып жасалатын төлемдерді қабылдау және өңдеу бойынша төлем қызметтерін көрсетеді.

1.2. «Bloomzed.kz» электрондық ақша жүйесін пайдалану туралы осы Шарт (бұдан әрі – Шарт, Оферта) «Bloomzed.kz» электрондық ақша жүйесін пайдалана отырып есеп айырысулар жасауды және де Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабының 5-тармағына сәйкес қызметтер көрсету шартының елеулі талаптарын қамтиды

1.3. Шарт жасалғанға дейін «Bloomzed.kz» электрондық ақша жүйесін пайдалануға ниеті бар жеке тұлға www.bloomzed.kz WEB-сайтында және (немесе) мобильді қосымшада орналастырылған ақпаратпен (Клиентке арналған жадынама) танысу қажет.

2. Шарттың күшіне енуі, өзгерістер және(немесе) толықтырулар енгізу

2.1. Шарт ақпараттық технологиялар арқылы жасалған болып саналады және жеке тұлға осы Офертада көрсетілген және акцептті білдіретін әрекеттерді, яғни жеке тұлғаның осы Офертаның барлық шарттарын қандай да бір алып тастауларсыз немесе шектеулерсіз сөзсіз келіскен және қабылдаған сәттен бастап күшіне енеді.

2.2. Оферта интернет желісіндегі Оператордың www.bloomzed.kz WEB-сайтында және (немесе) мобильді қосымшада орналастырылған сәттен бастап танысу үшін қолжетімді

2.3. Оператор шарттарды өзгертуге немесе Офертаны кері қайтарып алуға құқылы. Шарттың талаптары өзгерген жағдайда, егер Оферта мәтінінде немесе өзгерістер туралы тиісті хабарламада өзге мерзім көрсетілмесе өзгерістер www.bloomzed.kz WEB-сайтында немесе мобильді қосымшада Шарттың өзгертілген талаптары жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

2.4. Оферта акцепті осы Шартта(Офертада) көрсетілген жағдайларда Шарт жасасумен тең. Офертаның шарттарын толық және сөзсіз қабылдап(акцепт) келесі әрекеттерді жасау арқылы Клиент Оператормен «Bloomzed.kz» электрондық ақша жүйесін пайдалану туралы шарт жасасқан болып есептеледі:

- Жүйенің WEB-сайтында орналастырылған осы Шарттың талаптарымен, Тарифтерімен, өзге де құжаттарымен және ақпаратпен танысу;
- Электрондық ақша жүйесінде тіркеуді жүргізу: қажетті деректерді енгізу, осы Шарттың талаптарын қабылдау туралы тиісті белгі қою және Оператор мен Эмитентке дербес деректерді беруге, жинауға, өңдеуге және сақтауға келісім беру.

3. Терминдер және Анықтамалар

1) Авторизациялау – Жүйе пайдаланушысына (жеке немесе заңды тұлғаға, жеке кәсіпкерге) электрондық ақша Иесінің жеке кабинетіне, электрондық әмиянына қол жеткізу мүмкіндігімен

қатар, электрондық ақша Иесінің Жүйеде электрондық ақшаны пайдаланып операциялар жүргізуіне Оператордың рұқсатын және басқа да көрсетілетін қызметтер мен сервистеріне қол жеткізу құқығын беру;

2) Агент – электрондық ақша Эмитентімен немесе «Bloomzed.kz» электрондық ақша жүйесінің операторымен жасалған шарт негізінде эмитенттен және иеленуші жеке тұлғалардан оларды кейіннен жеке тұлғаларға өткізу үшін электрондық ақшаны сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, Ұлттық пошта операторы және Төлем агенті;

3) Аутентификация - Жүйеге кірген немесе электрондық ақшаны пайдаланып операциялар жасалған кезде қатысушы енгізген параметрлердің, деректемелердің сәйкестендіру деректерін Оператор белгілеген растау процесі;

4) Электрондық әмиянды бұғаттау - электрондық ақша иесінің электрондық әмиянында сақталатын электрондық ақшаны пайдалануға толық немесе ішінара тыйым салу;

5) Электрондық ақшаның иесі – тиісті шарттардың негізінде Жүйеге қосылған, төлем қызметтері және Жүйеде электрондық ақшамен жасалатын басқа да операциялар нәтижесінде электрондық ақша алған және осы электрондық ақшаға меншік құқығына ие Агент, Клиент, жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (Жүйені пайдаланушы);

6) Электрондық ақшаны шығару – Эмитенттің жүйенің басқа қатысушыларына олардың номиналды құны бойынша тең ақша сомасына айырбастау арқылы электрондық ақшаны беруін көздейтін төлем қызметі;

7) Сәйкестендіру – Оператордың қағидаларында және өзге де құжаттарында көзделген, сәйкестендіруді жүргізу (клиентті тиісінше тексеру) үшін қажетті ақпарат пен құжаттар негізінде Жүйеде тіркелген тұлға көрсеткен жүйеге қатысушы – жеке немесе заңды тұлға деректерінің ұқсастығын анықтаудан тұратын рәсім;

8) Электрондық ақшаны пайдалану – электрондық ақша иесінің азаматтық-құқықтық мәмілелер және/немесе электрондық ақшаға меншік құқығының ауысуына байланысты өзге де операциялар бойынша төлемді жүзеге асыру мақсатында электрондық ақшаны Жүйенің басқа қатысушысына беруі;

9) Клиент – сәйкестендірілмеген немесе сәйкестендірілген электрондық ақша иесі ретінде Жария шартқа қосылу негізінде Жүйеде тіркелген жеке тұлға;

10) Жеке кабинет – электрондық ақша иесінің осы Қағидаларда және Жүйеге қатысушылар арасында жасалған шарттарда көрсетілген тәртіппен электрондық ақша қалдығы бойынша жүргізілген операциялар, электрондық ақшаны пайдалана отырып төлемдер мен өзге де операцияларды жүзеге асыру туралы қажетті ақпарат алу үшін электрондық ақша иесінің электрондық әмиянына қолжетімділігі бар, Жүйедегі электрондық ақша иесінің жеке бөлімі;

11) Сәйкестендіргіш/логин (Пайдаланушының аты) - Жүйеде электрондық әмиянның сәйкестендіргіші ретінде пайдаланылатын және Жүйеде электрондық ақша иесінің шартты атын білдіретін, Клиенттің жеке кабинетке кіруі үшін авторизациялау мақсатында пайдаланылатын, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін ұялы байланыс операторының телефон нөмірі;

12) Жүйені пайдаланушы – заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер болып табылатын, Клиенттерден электрондық ақшаны тауардың немесе көрсетілетін жұмыстардың және қызметтердің құнын төлеу ретінде қабылдайтын, сондай-ақ ЭА иелерінің осындай санаты үшін Жүйеде қолжетімді өзге де қызметтер мен операцияларды пайдаланатын электрондық ақшаның иесі;

13) Оператор – «Bloomzed.kz» ЖШС, БСН 130640013376, Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Ходжанов көшесі 92, т.е.ү. 10 б, төлем ұйымдарының тізіліміндегі тіркеу нөмірі № 02-18-38, электрондық ақшаны пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыру кезінде қалыптастырылатын ақпаратты жинауды, өңдеуді және беруді қоса алғанда, Жүйені басқаруды жүзеге асыратын және оның тұрақты және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ электрондық ақша Эмитентімен жасалған шартқа сәйкес Жүйенің жұмыс істеу қағидаларын айқындайды;

14) Құпиясөз – электрондық ақша иесіне ғана белгілі, Жүйенің қызметтері мен сервистеріне қол жеткізуге арналған символдардың бірегей тізбегі;

15) Электрондық ақшаны өтеу – Эмитенттің өзі шығарған, электрондық ақшаның иесіне ұсынған не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда иесі оларды ұсынбай айырбастауға жататын электрондық ақшаны номиналдық құны бойынша тең ақша қаражатының сомасына айырбастауды жүзеге асыруын көздейтін төлем қызметі;

- 16) Жүйенің қағидалары/қағидалар – «Bloomzed.kz» электрондық ақша жүйесінің қағидалары, электрондық ақшаны шығару, өткізу, сатып алу, пайдалану немесе өтеу осы қағидаларға сәйкес жүргізіледі, сондай-ақ оларды Жүйеде пайдалану арқылы операциялар жүзеге асырылады;
- 17) Электрондық ақшаны өтеуге ұсыну – электрондық ақша иесінің Эмитентке өзіне тиесілі электрондық ақшаны олардың номиналдық құны бойынша тең ақша қаражатының сомасына айырбастау талабын көздейтін электрондық ақшаны пайдалану процесі;
- 18) Электрондық ақшаны мәжбүрлеп өтеу-электрондық ақша иесінің банк шотына немесе Эмитенттің шоғырландырылған шотына олардың номиналды құнына тең, жеке тұлға талап еткенге дейін аударуды көздейтін электрондық ақшаны өтеу жөніндегі операция;
- 19) Электрондық ақшаны сатып алу – Агенттің Эмитенттен, Агенттің (Қосалқы агенттің) Клиенттен немесе Клиенттің Агенттен (Қосалқы агенттен) электрондық ақшаны сатып алуын көздейтін электрондық ақшаны пайдалану процесі;
- 20) Электрондық ақшаны өткізу (тарату) – Агенттің (Қосалқы агенттің) Клиентке электрондық ақшаны сатуын көздейтін электрондық ақшаны пайдалану процесі;
- 21) «Белсенді емес» электрондық әмиян режимі – күнтізбелік 3(үш) ай ішінде төлемдерді және (немесе) өзге де операцияларды жасау үшін Жүйе сервистерін пайдаланбаған және(немесе) Клиенттің электрондық әмиянын бұғаттаған жағдайда, Оператордың талаптарына сәйкес құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Жүйе Операторы белгілейтін белсенді емес Клиент мәртебесі;
- 22) «Bloomzed.kz» электрондық ақша жүйесі немесе Жүйе – электрондық ақшамен төлемдер мен өзге де операцияларды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттаманың және ұйымдастырушылық – техникалық іс – шаралардың жиынтығы;
- 23) Қосалқы агент – Агентпен жасалған шарт негізінде Агенттің атынан электрондық ақшаны сатып алу және сату пункттерін ұйымдастыратын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;
- 24) Жүйеге қатысушы – жасалған шартқа сәйкес «Bloomzed.kz» электрондық ақша Жүйесі шеңберінде электрондық ақшаны шығару, беру, қабылдап алу, пайдалану, сатып алу, өткізу немесе өтеу жөніндегі құқығы немесе міндеттемесі туындайтын жеке немесе заңды тұлға;
- 25) Электрондық ақшаны есепке алу – Жүйеде электрондық ақшаның жай-күйі мен қозғалысына қатысты мәліметтерді тіркеу, мониторинг жасау және көрсету тәртібі;
- 26) Электрондық ақша/ЭА – Жүйенің басқа да қатысушылары төлем құралы ретінде қабылдайтын Эмитентте электрондық түрде сақталатын және сөзсіз және қайтарып алынбайтын ақшалай міндеттемелер;
- 27) Электрондық әмиян – ақшаларға иелік етуді қамтамасыз ететін электрондық ақшаны есепке алу және сақтау тәсілі;
- 28) Эмитент – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзі шығарған электрондық ақшаны өтеудің сөзсіз және қайтарып алынбайтын міндеттемесін қабылдаған, электрондық ақша шығаруды жүзеге асыратын екінші деңгейлі банк, Эмитент(тер) туралы ақпарат Жүйенің WEB-сайтында орналастырылуы қажет.

Шарттың мәтінінде кездесетін өзге терминдер мен анықтамаларды Тараптар Қағидаларға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және тиісті терминдерді түсіндірудің қалыптасқан қағидаларына сәйкес түсіндіріледі.

4. Шарттың Мәні

4.1. Оператордың жеке тұлғаға (Клиентке) «Bloomzed.kz» электрондық ақша жүйесін пайдалану бойынша қызметтер көрсетуі, осы Офертаны акцептеу арқылы Клиентпен жасалатын Шарттың мәні болып табылады, электрондық ақшаны сатып алу және Клиенттің Жүйені пайдаланушылар ұсынатын тауарларды немесе қызметтерді төлеу мақсатында (ЖК/заңды тұлғалар), сондай-ақ Клиенттің осы Шарттың, Қағидалардың, Жүйенің WEB-сайтында орналастырылған өзге де құжаттардың талаптарында Жүйеде қолжетімді өзге де операцияларды жасауына жол берілмейді.

4.2. Жүйе Операторының осы Шарт бойынша қызметтерін тиісінше көрсетуі үшін, жеке тұлға Жүйені пайдалануды бастағанға дейін Шарттың ережелерімен, «Bloomzed.kz» электрондық ақша Жүйесінің Қағидаларымен, Тарифтермен танысуға және белгіленген тәртіппен Офертаны акцептеуді жүзеге асыруға міндеттеледі.

4.3. Егер жеке тұлға Офертаның мазмұнына толық көлемде немесе қандай да бір бөлігіне келіспеген жағдайда, Жүйе Операторы «Bloomzed.kz» электрондық ақша жүйесін пайдаланудан бас тартуды ұсынады.

4.4. Оператордың қызметтері ақылы болып табылады. Клиент Оператордың қызметтеріне Шарттың ережелерінде белгіленген мөлшерде және тәртіппен, сондай-ақ Жүйенің WEB-сайтында орналастырылған Тарифтермен ақы төлеуге міндеттенеді.

4.5. Электрондық ақша жүйесі Қағидаларының талаптары осы Шарттың талаптарынан басым болатынын және осы Шарттың жекелеген ережелері Қағидаларға қайшы келген жағдайда Тараптар Қағидалардың күші басым болатынын растайды. Егер Клиент пен Оператор арасында туындайтын қатынастар Қағидалармен реттелмеген жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылады.

5. Клиентті тіркеу, электрондық әмиян түрлері бойынша белгіленген шектеулер

5.1. Жүйеде тіркеу мынадай тәсілдермен жүргізілуі мүмкін:

5.1.1. Жеке тұлға www.bloomzed.kz WEB-сайтында орналасқан немесе басқа жолмен алынған жүктеу үшін қолжетімді сілтеме бойынша мобильді қосымшаны пайдалана отырып өз бетінше тіркеу.

5.1.2. Төлем агентінен немесе Электрондық ақша жүйесінің агентінен (субагентінен) электрондық ақшаны алғаш сатып алған кезде (бірінші толықтыру) Жүйеде сәйкестендіргіш/логин ретінде пайдаланылатын ұялы оператор телефонының абоненттік нөмірі көрсетілген жағдайда;

5.1.3. Сервисті(қызметті), Жүйе операцияларын пайдалану, Жүйе пайдаланушыларының жекелеген сервистерін, Жүйеде тіркелген тұлғалардың (ЖК/заңды тұлғалар) тауарларын және(немесе) қызметтерін қосымша pay.bloomzed.kz интернет-парақшасын пайдалану арқылы төлеу мақсатында төлем жасау ниеті болған кезде. Бұл ретте, осы Шарттың 5.2.3 тармақшасында айқындалған Клиенттің таңдауы болып табылатын операцияны жүзеге асыру басталғанға дейін, конклюденттік әрекеттерді жасау арқылы, жасалатын төлемді соңғы алушының пайдасына Клиенттің электрондық әмиянының теңгерімінен электрондық ақшаны акцептсіз есептен шығаруды жүзеге асыруға өзінің келісімін береді.

5.2. Тәсілге байланысты Жүйеде тіркеу келесі тәртіппен жүргізіледі:

5.2.1. «Bloomzed» мобильді қосымшасы арқылы тіркелу үшін:

а) «Bloomzed» мобильді қосымшасын жүктеу және орнату;

б) Клиенттің сәйкестендіргіші ретінде пайдаланылатын ұялы байланыс операторының телефон нөмірін тіркеу формасына енгізу.

Жеке тұлғаның ұялы байланыс операторының телефон нөмірін көрсетуі, оның жеке тұлғаның атына рәсімделген және көрсетілген нөмірді пайдалану құқығын растайды және ұялы байланыс операторымен ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы қолданыстағы шарттың болуын растайды.

в) Осы Жария Шарттың ережелерімен танысу, оның талаптарымен келісімді білдіру;

г) Тіркеуге арналған коды бар SMS-растауды алғаннан кейін оны тіркеу формасына енгізу қажет.

5.2.2. Агенттің бағдарламалық қамтамасыздандыру (БҚ) арқылы тіркеуі үшін:

а) Агент терминалының интерфейсында, не Агенттің өзге де төлемдер қабылдау пункттерінде Жүйеде - «Электрондық ақша» - «Bloomzed» әмиян бөлімін таңдаңыз;

б) Клиенттің сәйкестендіргіші ретінде пайдаланылатын ұялы байланыс операторының телефон нөмірін енгізіңіз;

в) Жасалған электрондық әмиянның теңгерімін толтыруды жүзеге асыру.

Бұл ретте, Жүйеде электрондық әмиян тіркелетін болады, оны одан әрі пайдалану үшін жеке тұлғаға осы Шарттың 5.2.1. тармақшасында көрсетілген іс-әрекеттерді жасау қажет.

5.2.3. pay.bloomzed.kz қосымша интернет-парақшаны пайдалану арқылы Жүйені пайдаланушылардың(ЖК/заңды тұлғалар) интернет-ресурсында Жүйеде тіркелмеген жеке тұлға төлем жасағанда, сондай-ақ Жүйенің сервисін (қызметін) пайдаланғысы келсе, Жүйеде тіркелмеген жеке тұлға, Жүйе сервисін пайдалану ниетін растау үшін, осы Жария шарттың талаптарымен танысу, оның ішінде дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға және беруге, тіркеуге (электрондық әмиянды ашуға), сондай-ақ белгілі бір операцияларды жүргізуге келісім білдіру;

а) Клиенттің сәйкестендіргіші ретінде пайдаланылатын ұялы байланыс операторының телефон нөмірін төлем формасына енгізу;

б) осы Жария Шарттың ережелерімен танысуға, оператор жіберген SMS-кодты төлем формасына енгізу арқылы оның шарттарымен келісуді білдіру; Пайдаланушының Жүйеде экрандық формаға SMS-кодты дұрыс енгізуі жеке тұлғаның жоғарыда көрсетілген шарттар мен іс-әрекеттермен келіскенін растау ретінде бағаланады;

в) Өнім берушінің төлем қызметтеріне сервис шарттарына сәйкес төлем жүргізу;

Бұл ретте, Оператор жеке тұлғаға «Bloomzed.kz» электрондық ақша жүйесінде электрондық әмиянның ашылуы және электрондық әмиянның сәйкестендіру коды туралы хабарлайды. Жеке тұлға одан әрі оны пайдалану үшін осы Шарттың 5.2.1. тармақшасына көрсетілген әрекеттерді жасау қажет.

5.3. Тіркелгеннен кейін Клиентке мобильді қосымша арқылы электронды әмиянға - жеке кабинетке қолжетімділік беріледі. Жүйеде белгіленген рәсім бойынша тіркеуден өткен жеке тұлғаға сәйкестендірілмеген электрондық ақша иесінің типі бойынша электрондық әмиян ашылады, санаты – Клиент (жеке тұлға), мәртебесі - белсенді.

5.4. Кәмелетке толмаған адамдардың электрондық ақша жүйесін пайдалануы үшін, олардың заңды өкілдері Шартқа №1 қосымша формасын және растаушы құжаттарды (кәмелетке толмаған адамның туу туралы куәлігінің көшірмесі және заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі) Операторға ұсынған соң мүмкін болады.

5.5. Клиенттердің электронды әмияндары 2 (екі) түрге бөлінеді:

1) Клиенттің (жеке тұлғаның) сәйкестендірілмеген электрондық әмияны-сәйкестендіру рәсімін жүргізбей, Клиентке тіркеуден өткеннен кейін ашылады және электрондық ақшаны сақтауға, Жүйеде әмиянның осы түрі үшін қолжетімді операциялар жасауға қызмет етеді;

2) Клиенттің (жеке тұлғаның) сәйкестендірілген электрондық әмияны – жеке басы сәйкестендіру рәсімінен өту арқылы анықталып тіркелген Клиентке беріледі және Эмитенттен және(немесе) агенттен (субагенттен), сондай-ақ Жүйенің басқа қатысушыларынан сатып алынған электрондық ақшаны сақтау, Жүйенің қағидаларына, Шарттың талаптарына және қолданыстағы заңнамаға сәйкес электрондық ақшаны пайдалану үшін қызмет етеді.

5.6. Электрондық әмиянның түріне байланысты Клиенттер жасайтын электрондық ақшамен операциялардың түрлері мен сомалары бойынша шектеулер:

5.6.1. Сәйкестендірілмеген электрондық әмиян үшін (сәйкестендірілмеген Клиент):

- ✓ Сәйкестендірілмеген Клиент жасаған бір операцияның максималды сомасы 50 АЕК-ке(Республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшері) тең сомадан аспауы керек;
- ✓ Сәйкестендірілмеген Клиенттің бір электрондық құрылғысында (электрондық әмиянында) сақталатын электрондық ақшаның ең жоғары сомасы 100 АЕК-ке(Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшері) тең сомадан аспайды;
- ✓ Сәйкестендірілмеген Клиент Жүйенің басқа қатысушыларынан ЭА алуға, ЭА агентке іске асыруға, Эмитентке электрондық ақшаны өтеу туралы талап қоюға құқығы жоқ, яғни ЭА картаға және(немесе) есеп айырысу шотына шығару және(немесе) қолма-қол ақшаны алу бойынша операциялар оған қолжетімсіз.

5.6.2. Сәйкестендірілген электрондық әмиян үшін (сәйкестендірілген Клиент):

- ✓ Клиент жасаған бір операцияның максималды сомасы-шектеусіз;

- ✓ ЭА эмитентіне электрондық ақшаны өтеу туралы талап қоюға, ЭА агентке іске асыруға, сәйкестендірілген ЭА иелеріне ЭА аударымдарын жүзеге асыруға құқылы.

Оператор Жүйеде белгіленген барлық шектеулер туралы ақпаратты Жүйенің WEB-сайтында орналастырады.

5.7. Клиенттің сәйкестендірілуі

5.7.1. Сәйкестендірілмеген электрондық ақша иесі – жеке тұлға Операторға электрондық ақша иесінің сәйкестендірілген әмиянының типін беру үшін осы тұлғамен Жүйе қызметтерін ұсынуға шарт жасасу фактісін анықтауға және(немесе) растауға мүмкіндік беретін мәліметтер мен құжаттарды ұсыну арқылы сәйкестендірудің арнайы рәсімінен өте алады. Жүйеде қолданылатын сәйкестендіру тәсілдері туралы ақпарат Жүйенің WEB-сайтында танысу үшін қолжетімді.

5.7.2. Электрондық әмиянның сәйкестендірілмегеннен түрінен сәйкестендірілген түріне өзгерту үшін Клиент WEB-сайтта және(немесе) Жүйенің мобильді қосымшасында көрсетілген байланыс деректеріне, мекенжайлар бойынша хабарласуы қажет немесе Жүйенің мобильді қосымшасында Клиентке қашықтықтан сәйкестендіру қызметі қолжетімді болса осы қызметті пайдалануы керек. Қашықтықтан сәйкестендіру рәсімін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) берілген Клиент пайдалана алады.

5.7.3. Клиентті сәйкестендіру мерзімі 1-ден 3 жұмыс күніне дейін созылады. Көрсетілген кезең ішінде Клиентте сәйкестендіру рәсімінен өтудің оң нәтижесі болған жағдайда, Жүйе Операторы тиісті құқықтар мен мүмкіндіктердің көлемін бере отырып, әмиянның түрін "сәйкестендірілгенге" ауыстыруды жүзеге асырады.

6. «Bloomzed.kz» электрондық ақша жүйесін пайдаланудың жалпы шарттары

6.1. Жүйені пайдалану, жүйеге қатысушыларға қызметтерді көрсету шарттары осы Шартпен, Жүйе қағидаларымен, қолданыстағы Тарифтермен айқындалған, сондай-ақ Оператор жаңа қызметтерді, операциялар түрлерін қосқан жағдайда ақпаратты WEB-сайтта және(немесе) Жүйенің мобильдік қосымшасында орналастыруға құқылы. Жүйе операторы көрсетілген құжаттардың кез келгеніне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы. Мұндай өзгерістер және(немесе) толықтырулар туралы ақпарат Жүйенің сайтында орналастыру және(немесе) Клиентке мобильдік қосымшада және(немесе) жүйеде пайдаланылатын өзге де тәсілдермен және(немесе) мобильдік мессенджерлер арқылы электрондық хабарламаларды жіберу арқылы Клиенттің назарына жеткізіледі.

6.2. «Bloomzed.kz» электрондық ақша жүйесінде тіркелгеннен кейін Клиентке келесі қызметтер қолжетімді:

- 1) Агенттерден (Субагенттерден) электрондық ақшаны сатып алу;
- 2) Агентке электрондық ақшаны сату (қаражатты шығару) – тек сәйкестендірілген Клиенттер үшін қолжетімді;
- 3) Тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынатын Жүйе пайдаланушыларының(ЖК/заңды тұлғалар) пайдасына төлемдерді жүзеге асыру;
- 4) Сәйкестендірілген электрондық ақша иелеріне электрондық ақша аударымдарын жасау;
- 5) Ақпараттық қызметтерді алу: жасалған операциялар туралы ақпарат, өзінің электрондық әмиянының ағымдағы теңгерімінің жай-күйі, Жүйенің жұмыс істеуіне қатысты анықтамалық және өзге де ақпарат;
- 6) Ақпараттық қызметтерді алу: Оператордың, Жүйенің өзге де қатысушыларының акциялары, арнайы ұсыныстары, тауарлары, көрсетілетін қызметтері туралы ақпаратты алу;
- 7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде Шартта, Қағидаларда, Жүйеге қатысушылармен шарттарда көзделген өзге де операцияларды жүзеге асыру.

6.3. Клиент Жүйеде операциялар жасайды, егер операция электрондық әмиянның түріне, мәртебесіне немесе басқа шарттарға байланысты шектеулермен немесе Жүйенің техникалық мүмкіндіктерімен шектелмесе.

6.4. Жүйе Операторы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді төлеу немесе Жүйе шеңберінде басқа сәйкестендірілген ЭА иелеріне аударымдар үшін, Жүйеде одан әрі пайдалану мақсатында Клиенттің электрондық әмиянының шотына электрондық ақшаның түсуі туралы ақпаратты қабылдауға, сондай-ақ барлық операцияларды тіркеуге және Жүйенің клиентіне арнайы сұранысы бойынша жасалған іс-әрекеттері туралы есеп беруге міндеттенеді.

6.5. Егер шартта немесе арнайы келісімдерде өзгеше айтылмаса, Оператор Клиент пен Жүйені пайдаланушы(ЖК/заңды тұлға) арасында жасалатын сатып алу-сату, қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау жөніндегі өзге де мәмілелердің Тарапы болып табылмайды. Осыған байланысты:

1) Жүйе Операторы мәміленің заңнама талаптарына сәйкестігін бақыламайды, оның талаптарына әсер етпейді, оны жасасудың, орындаудың немесе бұзудың салдарлары, оның ішінде мәміле бойынша ақшаны қайтару мәселесі үшін жауап бермейді;

2) Жүйені пайдаланушысында(ЖК/заңды тұлғалар) немесе басқада Жүйе Клиенттерінде туындайтын Клиент алдындағы міндеттемелер бойынша Жүйе операторы жауапты болмайды.

3) Жүйе Операторы Жүйе пайдаланушысының(ЖК/заңды тұлғалар) Жүйені тиісінше орындамауы мәселелері, яғни тауарларды беру, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету міндеттемелері бойынша Клиенттің өтінішін қабылдайды және қарастырады, егер Оператор міндеттемелері толық көлемде тиісті мерзімде орындалса, Жүйені пайдаланушымен(ЖК/заңды тұлға) Клиент арасында жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша Клиенттің мәселелерін шешуге кепілдік бермейді.

6.6. Оператор Жүйені пайдаланушының(ЖК/заңды тұлғалар) мүддесі үшін әрекет етуге өкілеттігі бар екеніне кепілдік береді, Клиенттің өкімі бойынша Жүйені пайдаланушылардың(ЖК/заңды тұлғалар) пайдасына электрондық ақша аударымын жүзеге асыра отырып, сондай-ақ оларға қабылданған төлемдер туралы ақпарат беріп жүзеге асырады.

6.7. Егер Клиент жекелеген операцияларды жүзеге асыру кезінде осындай қызметтерді көрсету талаптарын ақцепттеген жағдайда, Жүйе Операторы осы Шартта аталмаған өзге де қызметтерді көрсете алады.

6.8. Операциялардың жекелеген санаттарын жүзеге асыру, қызметтер көрсету кезінде Оператор өзіне қабылданған міндеттемелерді орындау мақсатында үшінші тұлғаларды тартуға құқылы. Жүйеде операциялардың жекелеген санаттарын пайдалана отырып және(немесе) төлемдерді жүзеге асыра отырып, Клиент осындай үшінші тұлғалардың қызметтер көрсету талаптарымен танысқанын және олармен келісетінін растайды. Келіспеген жағдайда Клиент қызметтердің тиісті санатын пайдаланудан бас тартуға міндеттенеді. Клиенттің үшінші тұлғалардың Клиенттерге қызмет көрсетуі шеңберінде операцияларды жүзеге асыруы Клиенттің осындай үшінші тұлғаның қызмет көрсету шарттарымен келіскенін растау болып табылады.

6.9. Клиент «Bloomzed.kz» электрондық ақша жүйесін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында пайдаланбайтынын растайды, сондай-ақ үшінші тұлғалардың мұндай пайдалануына ықпал етпейді. Клиент Жүйе Операторы тіркелген жеке кәсіпкерлер болып табылмайтын жеке тұлғалармен олардың кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруы бөлігінде олармен ынтымақтаспайтынын және қандай да бір жағдайларда Клиенттің немесе үшінші тұлғалардың Клиент — жеке тұлғаның әмиянын пайдалана отырып, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына байланысты жүзеге асырылған төлемдері, сондай-ақ осындай жеке тұлғалардың міндеттемелері бойынша жауап бермейтінін түсінеді және келіседі.

6.10. Электрондық ақша иесінің электрондық ақшаға құқықтарын куәландыру және оларды пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыру тәртібі.

6.10.1. Жүйеде операциялар жасау процесінде электрондық ақша иеленушілерінің құқықтарын куәландырудың мынадай тәсілдері пайдаланылады:

- 1) сәйкестендіргіш және құпиясөзді енгізу;
- 2) SMS-хабарламалар;
- 3) Биометриялық аутентификация;

4) Қысқа құпиясөз;

5) QR-код.

Оператор электрондық ақша төлемі мен аударымын жасауға байланысты операцияларды жасау кезінде көрсетілген растау тәсілдерін белгілейді.

6.10.2. Клиент тіркелу кезінде көрсетілген сәйкестендіргіш және құпиясөзді енгізу арқылы Жүйеге кіруді жүзеге асырады және(немесе) биометриялық деректерді пайдаланады немесе қысқа құпиясөзді пайдаланады.

6.10.3. SMS – хабарландыру қызметін Оператор Клиентті тіркеу барысында Клиент енгізген ұялы телефон нөмірінің дұрыстығын тексеру мақсатында, сондай-ақ Оператор белгілеген басқа жағдайларда пайдаланады.

6.10.4. Клиент пайдаланатын Құрылғының техникалық мүмкіндіктері болған кезде саусақ ізі бойынша биометриялық аутентификацияны немесе бетті сканерлеуді Клиент жүйеге кірген кезде және(немесе) операциялардың жекелеген түрлерін жасау процесінде: төлем жасау, электрондық ақша аудару және т.б. сияқтыларда пайдаланады.

6.10.5. Қысқа құпиясөз Клиент үшін Жүйеге кірген және(немесе) операциялардың жекелеген түрлерін жасаған кезде аутентификациялаудың жеңілдетілген тәсілі болып табылады.

6.10.6. Клиент сондай-ақ Жүйеде қолжетімді операциялардың жекелеген түрлерін жасау кезінде QR-кодты пайдалануға құқылы.

6.10.7. Аутентификация тәсілдерін пайдалану туралы ақпаратты Оператор қосымша Жүйенің WEB-сайтында және(немесе) мобильді қосымшада орналастыра алады.

7. Оператор Қызметтерінің құны және электрондық ақшаны пайдалана отырып, жүйеде операцияларды жүзеге асыру тәртібі

7.1. Оператор Қызметтерінің құны (Тарифтер)

7.1.1. Оператордың Жүйеде қызметтер көрсету жөніндегі қызметтері ақылы болып табылады. Клиент Оператордың қызметтеріне осы бөлімде және Жүйеде белгіленген Тарифтерде белгіленген мөлшерде және тәртіппен ақы төлеуге міндеттенеді.

7.1.2. Қызметтердің құны Электрондық ақшамен және әр төлем сомасының пайызымен анықталады, Оператор алатын электрондық ақшаның тіркелген сомасы Клиенттің электрондық әмиянының теңгерімінен немесе төлем жасалған кездегі төлем сомасы түрінде де белгіленуі мүмкін.

7.1.3. Клиенттің төлемдерді жүзеге асыруға болатын Жүйені пайдаланушыларының(ЖК/заңды тұлғалар) тауарлары мен(немесе) қызметтерінің тізбесі мобильдік қосымшада қолжетімді.

7.1.4. Қызметтердің есептелген құнын ұстап қалуды (комиссия болған жағдайда) Оператор Жүйеде Клиенттің төлемін/аударымын жүргізген кезде жүзеге асырады. Жүйе пайдаланушысының(ЖК/заңды тұлғалар) пайдасына кез келген төлемдерді жүргізу кезінде Клиент төлем деректемелерін және төлем сомасын көрсетеді. Жасалатын төлемнің деректемелерін енгізгеннен кейін Оператор қызметтің құнын есептейді және Клиентке растау үшін осы ақпаратты шығарады. Клиент төлем деректемелерін, сондай-ақ Клиенттің Оператор қызметтерінің құнымен келісімін растаған жағдайда ғана Клиент енгізілген төлем деректемелерін "Төлемді растау" батырмасын пайдалану арқылы растайды, төлем туралы ақпарат және тиісінше электрондық ақша сомасы Клиенттің электрондық әмиянынан Жүйені пайдаланушының(ЖК/заңды тұлғалар) электрондық әмиянына түседі, яғни төлем/аударым жасалады.

7.1.5. Оператор төлем ұйымы үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған ақпараттық және өзге де қызметтерді көрсетуге, яғни Жүйені пайдаланушы(ЖК/заңды тұлғалар) ретінде әрекет етуге құқылы.

7.2. Электрондық ақшаны сатып алу (электрондық әмиянның теңгерімін толықтыру)

7.2.1. Жүйені пайдалану үшін Клиент өзінің электрондық әмиянының теңгерімін толтыруы керек.

7.2.2. Клиенттің электрондық әмиянның теңгерімін толтыру деп электрондық ақшаны Клиенттің электрондық әмиянының теңгеріміне одан әрі аударудың қолжетімді тәсілдердің бірімен сатып алу түсіндіріледі. Клиент теңгерімді келесі тәсілдермен толтыра алады:

- ✓ Агенттен (Субагенттен) электрондық ақшаны сатып алу жолымен, бұл ретте төлемдерді қабылдау пункттері туралы ақпарат жүйенің WEB-сайтында және(немесе) мобильді қосымшада қолжетімді;
- ✓ Басқа сәйкестендірілген Клиенттен электрондық ақша аударымын алу арқылы;
- ✓ Жүйеде қолжетімді басқа жолдармен.

7.2.3. Электрондық әмиянды толтыру мақсатында Клиент электрондық әмиянның сәйкестендіргішін(логинін) хабарлауы тиіс. Толтыру Жүйеде қолданыстағы әмиян болған кезде және белгіленген шектеулерді сақтаған кезде мүмкін болады. Жекелеген жағдайларда Клиентпен тіркелмеген электрондық әмиянды толтыру операциясы жасалған кезде Жүйеде электрондық әмиян автоматты түрде тіркеледі және агент (субагент) бойынша төлем жасалғаннан кейін оны толықтыру жүргізіледі. Сонымен бірге, жаңадан құрылған электрондық әмиянды одан әрі пайдалану үшін жеке тұлға осы Шарттың 5.2.1 тармақшасында қарастырылған әрекеттерді жасауы керек.

7.2.4. Үшінші тұлғалар электрондық ақшаны Клиенттің электрондық әмиянының теңгеріміне енгізген жағдайда, мұндай әмиянның иесі Клиентте электрондық ақшаға қатысты барлық құқықтар мен міндеттер туындайды, бұл әрекеттер Клиенттің өзі жасаған деп есептеледі және Жүйе операторын үшінші тұлғалармен өзара міндеттемелермен байланыстырмайды. Бұл ретте Оператор операцияға қатысушылардан оны жасаудың заңдылығын растайтын қосымша ақпаратты сұратуға құқылы.

7.2.5. Клиент электрондық ақшаны алған сәтте Электрондық ақшаны енгізу аяқталды деп есептеледі.

7.2.6. Электрондық әмиянның теңгерімін толтыру операциясының аяқталуы Жүйеде қабылданған электрондық ақша сомасы туралы ақпараттың көрсетілуімен, олардың Клиенттің электрондық әмиянының теңгеріміне түскенін куәландыратын және Клиентке электрондық ақшаны сатып алу туралы тиісті түбіртектің электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште (операцияны жасау тәсіліне байланысты) берілуімен расталады.

7.2.7. Агент электрондық ақшаны мынадай жағдайларда жүзеге асырады: егер жеке тұлға агенттің банк шотына тиісті ақша сомасын (ЭА құны мен оны алған жағдайда сыйақы) есептеген немесе агенттің Клиенттерден қолма-қол ақшаның тиісті сомасын алған жағдайда, оның ішінде қолма-қол ақшаны қабылдау жөніндегі операцияларды жасауға мүмкіндік беретін электрондық терминалдар арқылы, қолма-қол ақшаны қабылдау пункттері және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілдер арқылы.

7.2.8. Агент (субагент) электрондық ақшаны өткізген, Эмитент электрондық ақшаны шығарған кезде комиссия алынуы мүмкін. Комиссияның нақты мөлшері операция жасалған сәтте операция орындалғанға дейін (Клиент төлем жасағанға дейін) Клиенттің назарына жеткізіледі.

7.2.9. Электрондық ақшаны сатып алу, сондай-ақ Жүйеде өзге де операцияларды жасау бойынша көрсетілетін қызмет Клиентке тәулік бойы қолжетімді және көрсетілетін төлем қызметтерін тиісті өнім берушілердің төлемдерді қабылдау пункттерінің жұмыс істеу кестесіне сәйкес қолжетімді. Оператор қызметтерді барынша қысқа мерзімде нақты уақыт режимінде көрсетуді қамтамасыз етеді, бірақ 24 сағаттан аспайды (ең ұзақ мерзім).

7.3. Электрондық ақша аудару

7.3.1. Клиент Жүйеде электрондық ақшаны басқа сәйкестендірілген Клиентке аударуды жүзеге асыруға, яғни электрондық әмиянның теңгеріміндегі электрондық ақшаның қалдығы шегінде электрондық ақшаны аударуды жүзеге асыру арқылы Эмитентке өзінің талап ету құқықтарын толық немесе ішінара беруді жүзеге асыруға құқылы.

7.3.2. Егер Жүйе операторында осындай аударымның заңдылығына күмән туындаған жағдайда, Оператордың талабы бойынша Операторға түсініктемелер және(немесе) өзге де ақпарат берілгенге

дейін Оператор алушы Клиенттің электрондық ақшаны алуына тосқауыл қоюға, операция жасауды тоқтата тұруға құқылы .

7.3.3. Аударуды (талап ету құқығын басқаға беруді) жүзеге асыру үшін Оператор сұрау салған деректерді ұсына отырып, Операторға операциялық тапсырманы жіберу қажет.

7.3.4. Аударуға берілетін электрондық ақшаның ең аз және ең көп сомасының мөлшерін Оператор Жүйеде белгіленген шектеулерге, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына және(немесе) Оператордың ішкі құжаттарына сәйкес шектеуі мүмкін.

7.3.5. Клиент-жөнелтушінің әмиянынан электрондық ақша есептен шығарылған және Клиент-алушының электрондық әмиянының теңгерімінде электрондық ақшаның тиісті сомасы көрсетілген сәттен бастап Аударым жүзеге асырылды деп есептеледі.

7.4. Төлемдер жасау

7.4.1. Оператор төлем қызметін тек Клиенттің нұсқауларының негізінде және соған сәйкес көрсетеді. Клиент Жүйе пайдаланушысының(ЖК/заңды тұлғалар) пайдасына төлем жасаған кезде электрондық әмияндағы электрондық ақшаны пайдалана отырып, осы операцияны жүргізуге келісімді растай отырып, формальды түрде нұсқау береді.

7.4.2. Төлем жасау – жүйені пайдаланушының пайдасына(ЖК/заңды тұлғалар) электрондық ақшаны беру туралы Клиенттің нұсқауы негізгі деректемелер және белгіленген шектеулер шегінде Клиенттің электрондық әмиянының теңгерімін құрайтын электрондық ақша сомасының жеткіліктілігі болған кезде орындалуға жатады.

7.4.3. Енгізілген деректерді және Клиенттің төлем жасауы үшін қаражаттың жеткіліктілігін тексергеннен кейін Оператор Клиентке тексеру нәтижелеріне байланысты тиісті төлемнің орындауға қабылданғаны немесе орындалудан бас тартылғаны туралы хабарлайды.

7.4.4. Клиенттің нұсқауын орындау кезінде Оператор Клиент көрсеткен электрондық ақша сомасын жөнелтушінің әмиянынан есептен шығаруды жүзеге асырады және Жүйені пайдаланушының(ЖК/заңды тұлғалар) әмиянына аударуды жүргізеді, сондай-ақ Жүйенің WEB-сайтында және (немесе) мобильдік қосымшада көрсетілген қолданыстағы Тарифтерге сәйкес Клиенттің төлем жасауын растауы алдында көрсетілген Оператор комиссиясының және өзге де комиссиялардың сомасын алады (болған жағдайда).

7.4.5. Клиенттің нұсқауын орындауды аяқтау оның электрондық әмиянының жай – күйін (теңгерімін) тиісті сомаға (төлем және комиссия сомасы-бар болса) өзгертуге (сомасын азайтуға) алып келеді және операция туралы ақпарат "Тарих" бөлімінде сақталады.

7.4.6. Төлем жасалғаннан кейін жүйе Клиентке сауда түбіртегін (Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жасалған төлем туралы ақпаратты қамтитын құжат) – электрондық хабарлама/электрондық ақшамен жасалған операция бойынша хабарлама қалыптастырады және ұсынады. Түбіртекте келесі ақпарат бар:

- 1) Төлем сомасы;
- 2) Төлемнің жасалған уақыты мен күні;
- 3) Түбіртектің (сауда түбіртегінің) реттік нөмірі;
- 4) Жүйені пайдаланушының – қызмет берушінің атауы(коды) және жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес – сәйкестендіру нөмірі;
- 5) Операция коды;
- 6) Электрондық ақша иесінің әмиянының идентификаторы;
- 7) Комиссия сомасы;
- 8) Оператордың байланыс телефондарының, сонымен бірге ұялы байланыстың байланыс нөмірлері.

7.4.7. Клиент Жүйенің пайдаланушысы(ЖК/заңды тұлғалар) өнім берушісі алдындағы өзінің міндеттемелері тауарды/көрсетілетін қызметтерді төлеу бойынша Жүйенің сол пайдаланушысының пайдасына төлем жасаған кезде орындалған болып есептелетінін мойындайды.

7.4.8. Клиент төлемге нұсқауларды қалыптастыру кезінде қателіктерге жол берген жағдайда Эмитентте, Жүйе Операторы да төлемді жөнелтуші жіберген қателіктермен нұсқауларды орындағаны үшін, сондай-ақ электрондық ақшаны алушының жөнелтушіге қайтармағаны үшін жауапты болмайды. Қателер деп Клиент алушының деректерін, әмиянның сәйкестендіргішін (логинін), ал Жүйе пайдаланушысына төлем жасаған кезде – төлем жасау үшін қажетті деректемелерді дұрыс толтырмаған жағдайларды айтамыз.

7.5. Электрондық ақшаны қайтару

7.5.1. Жүйеде электрондық ақшаны алушының электрондық әмиянынан жөнелтушінің электрондық әмиянына қайтару мынадай жағдайларда мүмкін болады:

- 1) Жүйеде қате аударуға жол берілген кезде (жөнелтуші алушының деректемелерін дұрыс көрсеткен жағдайда);
- 2) Егер аяқталған төлемнің немесе аударымның күшін жою қажеттілігі бағдарламалық қамтамасыздандырудың істен шығуынан немесе Жүйе Операторы қателігі салдарынан болған жағдайда, операцияға қатысушылардың электрондық әмияндарына осы операцияға тартылған қаражаттың толық көлемінде электрондық ақшаны қайтару жүзеге асырылады;
- 3) Өзге жағдайларда: Клиент ЭА қайтару қажеттігі туралы мәселені, мән-жайларды және негіздемені(себептерді) көрсете отырып, қайтару туралы өтінішті(электрондық хабарламаны) жіберу және ЭА қайтару талап етілетін операцияның жасалғанын растайтын электрондық түбіртеккі жіберу арқылы Операторға жүгінуге құқылы. Жүйе Операторы 3 жұмыс күні ішінде Клиенттің өтінішін қарастырады, қажет болған жағдайда қосымша ақпарат сұратады. Қарастыру нәтижелері бойынша ЭА сомасын қайтару үшін талап етілетін іс-әрекеттердің жасалғанын көрсете отырып, өтінішке жауап жібереді немесе бас тарту себептерін түсіндіре отырып, қайтару бойынша операцияны жүргізуден бас тарту туралы хабарлайды.

7.5.2. Клиент пен Жүйе пайдаланушы(ЖК/заңды тұлғалар) арасында жасалған азаматтық-құқықтық мәміле, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша бұзылған жағдайда, сонымен қатар, Клиент электрондық ақшаны пайдалана отырып Жүйені пайдаланушыдан(ЖК/заңды тұлғалар) сатып алынған тауарды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді азаматтық-құқықтық мәміле нысанынан бас тартқан жағдайда және Жүйе пайдаланушысының(ЖК/заңды тұлғалар) осы бас тартуды қабылдаған жағдайда төлем сомасын қайтару Жүйе пайдаланушысымен(ЖК/заңды тұлғалар) төмендегідей жолдар арқылы жүзеге асырылады:

- 1) Төлем сомасын электрондық ақшамен қайтару;
- 2) Қолма-қол ақша беру;
- 3) Төлемдер мен аударымдар бойынша ақшаны қайтаруды регламенттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және(немесе) Клиент пен Жүйені пайдаланушы(ЖК/заңды тұлғалар) арасындағы шарттық келісімдерде көзделген жағдайларда жүзеге асырылған төлем сомасын қолма-қол ақшасыз аударумен жүзеге асырылады.

Төлем сомасын қайтаруды бойынша келісімге қолжеткізуді жүзеге асыру Жүйе пайдаланушысы(ЖК/заңды тұлғалар) және Клиент арасында Оператордың қатысуынсыз жүргізіледі. Клиент мұндай қайтаруды жүзеге асыру мәселесі бойынша тікелей Жүйе пайдаланушысына (ЖК/заңды тұлғалар) өз бетінше жүгінуге құқылы.

7.5.3. Клиент Операторға осы Шарттың 13.2-тармағында айқындалған тәсілдермен төлем сомасын қайтару туралы өтінішпен жүгінуге құқылы, бұл ретте Оператор сәйкестендірілмеген Клиенттен сәйкестендіру рәсімінен өтуді, Жүйеде төлемнің жасалғанын растайтын түбіртеккі беруді талап етуге құқылы. Төлем сомасын қайтару (егер азаматтық-құқықтық мәміленің шарттары қайтаруды көздейтін болса) Жүйенің ережелерінде белгіленген шарттар мен тәртіп сақталған кезде электрондық ақшамен жүргізілуі мүмкін.

7.5.4. Электрондық ақшаны жөнелтуші өзінің электрондық ақшаны аударуға арналған нұсқауында қате жіберген жағдайда (атап айтқанда, алушының электрондық әмиянының қате сәйкестендіргіші көрсетілсе), электрондық ақшаны қайтару үшін ЭА жөнелтуші қате жіберілген ЭА сомасын қайтаруды жүзеге асыру өтінішімен ЭА алушыға дербес жүгінуге құқылы. Мұндай жағдайда

аударым сомасын қайтару және комиссияларды төлеу (олар болған кезде қайтаруға байланысты комиссиялар сомасын өтеу) туралы мәселені операцияға қатысушылар арасында өзара келісіммен дербес шешеді.

7.5.5. 7.5.4-тармақшада көзделген жағдайда. Эмитентте, Операторда ЭА жөнелтуші Клиент жіберген қатемен нұсқауды орындау үшін, сондай-ақ электрондық ақшаны алушының жөнелтушіге қайтармағаны үшін жауапты болмайды.

